**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ**
**НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПРОБЛЕМАЛАРЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**А.Л. Катков**

# Алғашқы - профилактикалық, алғашқы наркологиялық көмек және медициналық әлеуметтік сауықтандыру бағдарламасына «кіру» фазасында пайдаланылатын, стратегиялық полимодальды психотерапияның құрылымдалған техникалары

Әдістемелік ұсыныстар

**Павлодар, 2012**

**Катков А.Л.**

**Алғашқы- профилактикалық, алғашқы наркологиялық көмек және медициналық әлеуметтік сауықтандыру бағдарламасына «кіру» фазасында пайдаланылатын, стратегиялық полимодальды психотерапияның құрылымдалған техникалары: Әдістемелік ұсыныстар.** – Павлодар, 2012. – 48 б.

Әдістемелік ұсыныстарды м.ғ.д., проф. А.Л. Катков дайындады.

Ұсынылатын әдістемелік ұсыныстар наркологиялық бағдар мамандарына: психотерапевт-дәрігерлер, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер үшін арналған.

Әдістемелік ұсыныстарда алғашқы- профилактикалық және алғашқы бағдарлы көмек сияқты, наркологиялық көмектің аса маңызды кезеңдерінде, сондай- ақ ПБЗ-ға тәуелді медициналық әлеуметтік сауықтандыру бағдарламасына «кіру» фазасында пайдаланылатын, стратегиялық полимодальды психотерапияның құрылымдалған техникасы егжей- тегжейлі сипатталады. Аталған жағдайда қауіп – қатер тобына және тәуелді тұлғалар тобына кіретін, тұлғалардың мотивациялық шеңбері сияқты нысанмен психотерапиялық жұмысқа ерекше көңіл бөлінеді, себебі басты нәтиже – қауіп – қатер деңгейінің төмендеуі, толық қанды емдеу мен тәуілділіктен азат ететін мүмкіндіктерді арттыратын, МӘС бағдарламаларына қатысу дәл осыған байланысты болады. Сондай- ақ ПБЗ-ға патологиялық әуестік, патологиялық психикалық статус (әдеттегі эмоционалды бұзылулар), патологиялық соматикалық статус сияқты басым нысаналармен жұмыстарға. Басты назар наркологиялық көмектің сәйкес кезеңдеріне қойылатын, әдеттегі мәселелер мен мүдделер үшін көптеген барабар терапиялық шешімдерді табуға мүмкіндік беретін, пайдаланылатын СПП-ның техникалық тәсілдеріне аударылады.

**Рецензенттер:**

Медицина ғылымдарының докторы Толстикова А.Ю.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Кудьярова Г.М.

Әдістемелік ұсыныстар Нашақорлықтың медициналық әлеуметтік проблемаларының Республикалық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми кеңесінде қаралды (ғылыми кеңестің төрағасы – А.Т.Ескалиева, 2012 жылғы 17 қыркүйегіндегі № 268 хаттама).

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық білім мен ғылым инновациялық технологиялар республикалық орталығымен келісілді және ұсынылды ("23" қазан 2012 жылғы № 10 хаттама).

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе ……4

1. Наркологиялық көмек көрсетудің алғашқы кезеңдеріндегі стратегиялық полимодальды психотерапияның жалпы принциптері …… 5

2. Алғашқы профилактикалық наркологиялық көмек кезеңінде стратегиялық полимодальды психотерапияның құрылымдалған техникалары ……6

3. Алғашқы наркологиялық көмек кезеңінде стратегиялық полимодальды психотерапияның құрылымдалған техникалары.....……11

4. Медициналық әлеуметтік сауықтандыру бағдарламасына «кіру» фазасында пайдаланылатын, стратегиялық полимодальды психотерапияның құрылымдалған техникалары …….16

Қорытынды……47

Пайдаланылған деректемелер тізімі ...……48

**Кіріспе**

Жетекші мамандар арқылы наркологиялық ғылым мен практика саласында наркологиялық көмектің алғашқы-профилактикалық және алғашқы сияқты, наркологиялық көмектің осындай кезеңдерінің басымдылығы сөзсіз танылады (Шабанов П.Д., 2002; Сидоров П.И., 2006; Наркология. Национальное руководство, 2008).

Наркологиялық көмек кезеңінде пайдаланылатын және оның тиімділігін қамтамасыз ететін, басты технологиялар мен тәсілдер, диагностикалық және психологиялық әлеуметтік болып табылады. Оның үстіне жоғарылатылған қауіп – қатер топтарында қысқа мерзімді психотерапиялық интервенциялар соңғы жылдары барған сайын, бағдарлы алғашқы профилактиканың барынша тиімді құралдарының бірі ретінде жиі танылуда (Кулаков С.А., 1996; Сирота Н.А., Ялтонский В.М., 2008; Хюльтен А., 2009; Доклад Международного Комитета по контролю над наркотиками за 2009 г. Первичная профилактика злоупотребления наркотиками, 2010). Сонымен бірге профилактикалық секторда пайдаланылатын, тиімді психотерапиялық көмектің технологиялары, жеткіліксіз жасалған, ал оларды қолдану барынша шектеулі (Катков А.Л., Макаров В.В., 2009).

Көптеген зерттеулердің мәліметтері бойынша, қазіргі заманғы наркологияның басты мәселелерінің бірі жасырын, есепке алынбаған аурудың болуы, соның нәтижесінде 75-тен 80%-ға дейінгі ПАВ- қа тәуілділер қандай да бір наркологиялық көмекті алмайды (Дмитриева Т.Б., Игонин А.Л., 2008; Катков А.Л., 2009; Киршанов В.В., Киршанов В.Н., 2009). Істің мұндай жағдайының себебі алғашқы наркологиялық көмек мәселелерінің түбегейлі қарастырылмауы болып табылады, атап айтқанда – наркологиялық қызметтің аталған белсенді кезеңін тиісті ұйымдастыру мәселелері. Бағдарлы көмектің аталған кезеңін ойластырып ұйымдастыру және мотивациялық наркологиялық кеңес беру мен психотерапия қызмет салаларына ендіру кезінде ПАВ- қа тәуелді қамтылатын контингенттің 10- нан 15%-ына дейін жыл сайынғы емдеудің және сауықтандырудың толыққанды бағдарламаларына ендіруді, МӘС-дің жүзеге асырылатын бағдарламаларының жалпы тиімділігін 10-12%-ға арттыруды қамтамасыз етуге қабілетті (Катков А.Л., Василенко И.В., 2005).

Наркологиялық көмектің қазіргі уақытқа дейін шешілмей жатқан мәселелерінің қатарына, сонымен қатар келесі фактіні кіргізуге болады, алғашқы апта ішінде (яғни, «кіру» кезеңі жалғасуы кезінде) сауықтандыру бағдарламаларын 70-тен 85% -ына дейін ПАВ-қа тәуелді емделушілер тастап кетеді (De Leon G., Schwartz S., 1984; Каплан Г.И., Сэдок Б.Дж., 1994).

Жоғарыда аталған мәселелер көптеген жағдайда, біз жасаған, алғашқы наркологиялық көмек алушы және медициналық- әлеуметтік сауықтандыру (МӘС) бағдарламасына «кіру» фазасын өтуші, қауіп-қатер тобына кіретін және ПБЗ-ға тәуелді, тұлғалардың стратегиялық полимодальды психотерапия (СПП) нұсқаларын кең көлемді ендіру есебінен шешіледі.

Қазіргі әдістемелік ұсыныстарда наркологиялық көмек жүйесінде СПП-ның қажетті жалпы мәселелері қысқаша қарастырылады. Бағдарлы көмектің сәйкес кезеңдерінде және ПБЗ-ға тәуелділердің МӘС бағдарламалары

фазаларында СПП-ның құрылымдалған техникаларын сипаттауға ерекше назар аударылады.

**1. Наркологиялық көмек көрсетудің алғашқы кезеңдерінде стратегиялық полимодальды психотерапияны жүзеге асырудың жалпы принциптері**

Стратегиялық полимодальды психотерапия –2001-2010 жж. кезеңінде біз арқылы жасалған авторлық тәсіл, ол базистік терапиялық коммуникацияны ерекше макротехнологиялық, метатехнологиялық дайындауды, сондай- ақ ПБЗ-ға (когнитивтік, мінез- құлықты, ресурсты-хабардар, арт-терапия, психодрамалар, топтық терапия және т.б.) тәуелділерді емдеуде және сауықтандыруда пайдаланылатын, кәсіби психотерапияның негізгі әдістерін тиімді үйлестіру принциптерін қамтиды.

Алғашқы-профилактикалық, алғашқы наркологиялық көмек кезеңдерінде және ПБЗ-ға тәуелділердің МӘС бағдарламаларында «кіру» фазасында, психотерапиялық жұмыс жүргізілетін, негізгі нысаналары келесілер болып табылады: мотивациялық сала; ПАВ-қа патологиялық әуестік; патологиялық психикалық статус (әдеттегі эмоционалдық саладағы бұзылулар); патологиялық соматикалық статус (психовегетативтік синдромның әдеттегі постабстиненттік көрінісі).

Наркологиялық көмектің белгіленген кезеңдерінде жұмыс жүргізілетін, әдеттегі жете түсінілмейтін мәселелер, қалыптасушы немесе қалыптасып қойған, ПБЗ-ны қолдану (яғни реализации стратегии «бақытқа қысқа жол» стратегиясын жүзеге асыру) есебінен оны қанағаттандыру бағытына бағытталған ресурстық мүддемен және мінез- құлықпен байланысты.

Бағдарлы көмектің қарастырылатын кезеңдерінде жоғарылатылған қауіп-қатер тобына кіретін және ПБЗ-ға тәуелді және сәйкес психотерапиялық жұмыс жүргізілетін тұлғаларға қойылатын сұрақтар келесідей: 1) алғашқы-профилактикалық көмек кезеңінде: «көңілсіз», «қызық емес», «жақсы жаққа қарай тез өзгерістер болуын қалаймын» және т.б.; 2) алғашқы наркологиялық көмек кезеңінде: «маған көмек керек пе, білмеймін », «мен ауру емеспін, бірақ туыстарым мен жақындарым айтқандарына көндірді, сондықтан мен кенлдім …», «кейде ішімдікпен (немесе есірткімен) қиындық бар сияқты көрінеді, бірақ нақты – әлі шешкен жоқпын» және т.б.; 3) МӘС бағдарламасына «кіру» фазасында емханалық/стационарлық емдеу кезеңінде: «ПБЗ-ны қолдануға тұрақты немесе ауық- ауық ұмтылыс», «жаман көңіл- күй, көңіл- күй жоқ», «алпы өзін өзі нашар сезіну, дене жайсыздығы» және т.б.

Бұл жағдайда СПП технологиясын пайдаланумен наркологиялық көмектің барлық аттары аталған кезеңдерінде шешілетін, әмбебап терапиялық міндеттері, қауіп- қатер тобы тұлғаларында ПБЗ-ны қолдануға тұрақты жағымсыз себептерді, толыққанды ем алуға және ПБЗ-ға тәуелділерді МӘС бағдарламасында ұстап қалуға тұрақты дұрыс себепті форсирленген дамыту болып табылады.

Арнайы психотерапиялық міндеттер сәйкес тәсілдер мен СПП-ның құрылымдалған теникаларын пайдалану есебінен мәлімделген мәселелердің тиімді шешімімен байланысты.

Бұл жағдайда пайдаланылатын макротехнологиялық және метатехнологиялық тәсілдер, СПП- ның құрылымдалған псиотерапиялық теникаларын қолдану әсерлерінің қолдауын қамтамасыз ететін, гиперпластикалық кеңістікті қалыптастырады СПП (Катков А.Л., 2012).

**2. Алғашқы-профилактикалық наркологиялық көмек кезеңінде стратегиялық полимодальды психотерапияның құрылымдалған теникалары**

Алғашқы-профилактикалық аддиктологиялық көмек кезеңінде негізгі псиотерапиялық нысаналар, аддиктологиялық бағдар бойынша жоғары қауіп-қатер аймағындағы тұлғалардың мотивациялық саласы мен дефицитарлық жеке тұлғалық статусы болып табылады. Мұнда басты проблемалық сала көп жағдайда субъектінің, психологиялық белсенді заттар мен деструктивті псиотехнологияларды жатқызатын, өте тез әрекет ететін патологиялық адаптогендерді қолдану мен табуға бағытталған, жете түсіну мүмкін емес ресурстық мұқтаждығы болып табылады. Осылайша, көрінетін байқалған нәрсенің бір түрінің фасадында аталған топ тұлғаларында келесілер болуы мүмкін: ПБЗ-ны тәуелділік белгілерінсіз қолдану; компьютерлік және басқа құмар ойындармен шектен тыс әуестілік (мұнда да ауыр тәуелділік белгілерінсіз); мөлшерден аса жоғары – күніне бірнеше сағаттан – компьютерлік уақытты арттыру; сектанттар және экстремистермен алғашқы байланыстар. Аталған топты компьютерлік бағдарлама көмегімен ПБЗ – ға және басқа да әлеуметтік құмарлықтарға тәуелділікке тартуға психологиялық денсаулық-тұрақтылығы деңгейін анықтау бойынша, аталған феноменді білдіретін, негізгі психологиялық қасиеттер параметрлері бойынша орташа және айқын тапшылық айқындалады. Бұл, шынында да, стратегиялық полимодальды психотерапия (СПП) жүргізуге көрсеткіштер болып табылады, ол үшін 14 жастан кіші жеткіншектер және балалармен жұмыс кезінде, ағымдағы заңға сәйкес рәсімделген, ата- аналарының жазбаша келісімін алу керек.

Стратегиялық полимодальды психотерапияның аталған кезеңдегі басты міндеті, тез әрекет ететін патологиялық адаптогендерге қарай ізденіс мінез-құлығының алғашқы белгілерінің редукциясы мен қауіп- қатерді төмендету болып табылады.

Тәуелділікке тартылуға жоғары қауіп- қатері бар, тұлғалармен СПП жүргізу әдістемесінің, өзіндік ерекшеліктері бар. Ол негізінен, қамтылатын контингенттің айтарлықтай бөлігі жоғары мектеп жасындағы балалар мен жеткіншектер, яғни психикасы толық жетілмеген тұлғалар болуымен байланысты. Осыдан белсенді терапиялық жұмысты екі бағытта: жан- жақты (психологиялық денсаулық-тұрақтылық қасиеттері мен күш-қуатын маңыздандыру) және маңызды (тәуелді мінез-құлықтан бас тартуға тұрақты себепті қалыптастыру; альтернативті өмірлік сценарийлерді анықтап алу және

бекіту; соңғыларды жүзеге асырумен байланысты, өзекті мәселелерді шешу) бағытта жүргізу қажеттілігі туады. Мұндай клиенттерде, әдетте, тәуелділіктің айқын зиянды салдарлары (мысалы, психикалық, соматикалық сәтсіздік, мектепте, отбасында қиын мәселелер, әлеуметтік аут және т.б. белгілері түрінде) болмауының мәні бар. Аталған мән- жай, бір жағынан, денсаулықты айтарлықтай айрылу мен әлеуметтік шығындарға алып келетін, психологиялық белсенді заттарды қолдану немесе компьютермен жоғары белсенді жұмысты жалғастырудың қажеті жоқ деген уәждемелерге «көнбеу», жете түсіну мүмкін еместігінен психотерапия үдерісін айтарлықтай қиындатады. Сонымен қатар жақсы жақтарды да атап кетуге болады – клиентті патологиялық бейімделудің әдеттегі тәсіліне алып келетін, басты негіз - патологиялық әуестіктің биологиялық механизмінің қалыптаспағандығы немесе толық қалыптаспағандығы. Барлық айтылғандармен байланысты, аталған контингентпен жүргізілетін, стратегиялық полимодальды психотерапияның басты стратегиясы, төтенше жағдайларда саналы таңдау жасауға ықпал ететін, жеке тұлға қасиеттерін маңыздандыру және «құрылысты бітіру» болып табылады; тәуелділік мінез-құлық практикасын жалғастырған жағдайда болмай қалмайтын зиянды салдарлардың көрінісін және «өмір сүруін» ашады; бір жағынан- дауды драмалық өткеру, позитивтік сценарий мен оның құндылықтары арасындағы терапиялық конфрантация, екінші жағынан – клиенттің психикасының ұғынылатын және ұғынылмайтын көкжиектерінен деструктивті сценарийді ары қарай дезактуализациялау және өшірумен, компьютерлік тәуелділікті дамыту сценариімен. Жолай, айтылып кеткендей, оқиғаның басты агенттерімен өзара әрекеттестік саласында конструктивті копингтер және ресурстық метапозицияны қалыптастыру мәселелері шешілуі тиіс.

Бағдарлы клиенттермен жүргізілетін, СПП-ның негізгі кезеңдері мен технологиялық блоктары келесідей.

Бірінші кезеңде сенім білдіретін байланыс орнатылады, терапиялық қатынастар қалыптасады. Стратегиялық полимодальды психотерапия метатехнологиясын пайдалану есебінен терапиялық коммуникацияның терең деңгейі өзектілікке айналады, клиенттің гиперпластикалық мінездемесінің толық жиынтығымен «психотерапия кеңістігі» қалыптасады.

Екінші кезеңде клиенттің жеке тұлғалық статустарының диссоциациясы жүргізіледі, ұзақ мерзімді нәтижелер мен мәселелерді мәнді шешуге бағытталған, клиенттің «күшті Мені» маңызданады және қуаттанады. Осы мақсатта полимодальды психотерапияның келесі құрылымдалған техникаларын пайдаланады, мысалы, «матрёшка» – клиенттің жүйелілікпен өзгеріп отыратын бейнелерімен бейнеклиптің сценариінің рөлдік ойнауы: 1) ата- анам мені көргілері келеді …, 2) мұғалім мені көргісі келеді …, 3) достарым мені көргілері келеді …, 4) компьютер мені көргісі келеді … (мұнда клиент бейнесін компьютерге приставка түрінде пайдалану мүмкін, яғни, тәуелді, басқарылатын адам ретінде), 5) ал шындығында мен… (мұнда өзіне сенімді болашаққа ұмтылған, өмірде өзіне не керек екенін білетін және өз мақсаттарына жете білетін адамның бейнесін қалыптастыру маңызды; бейне

жеткілікті түрде ашық, рельефті, есте қалатындай болуы керек). Аталған техниканы жүзеге асыру барысында клиент жүйелі түрде режиссёрдің, суфлёрдің, дублёрдің, басты актёрдің рөліне түседі. Осылайша, түрлі көзқарастардан өзінің бейнесі – міндеттелген көріністік рөлдерден айтарлықтай ерекшеленетін және тәуелділіктің қалыптасуына қарсы тұра алатын, ресурстық бейне қалыптасады. Аталған техниканың жалғасы күшті ресурстық Мен және оның әлсіз тәуелдісі арасында терапиялық конфрантация жақтарымен, жауапкершілік және бағыныштылық, құзыреттік салаларын анықтаумен диалогты ойнау болуы мүмкін. Алайда мұндай конфрантация тек клиент бұл бағытта оқиға өрістеуіне дайын болған жағдайда пайдалы. Қызығушылық жоқ болған жағдайда келесі кезеңге көшкен жөн.

Үшінші кезеңде конструкциялық өмірлік сценарий қалыптасады (маңызданады). Осы мақсатта клиентке өткеннен (мұнда клиентке балалық армандарын және болашақ туралы түсініктерін еске түсіру ұсынылады) болашаққа өзінің жеке өмір желісін салу ұсынылады, бұл болашақтың суретін салу – ол кім, неге қол еткізді, онымен бірге кім, осы қоршаған ортамен қандай қарым- қатынаста, не сезінеді, жеткен нәтиже үшін кімге алғыс айтқысы келеді. Бұл композицияны салу кезінде клиентті асықтырмау маңызды, оған болашақ рөлін сезінуге мүмкіндік беру, оның артықшылықтарын бағалау, жоспарланған статусқа жетуге ішкі себепті қалыптастыру маңызды. Ары қарай бірнеше рет өмір желісі бойынша саяхат жасау ұсынылады және асықпай, клиентке ыңғайлы қарқынмен оның пікірі бойынша, оны қалаған нәтижесіне жақындататын, оқиғалар туралы әңгімелеп беру ұсынылады. Терапевт бұл «саяхатта» ығыр қылмай клиентке ілесіп жүруі тиіс, «мен маған не болатынын, білмеймін ғой …» және т.б. сияқты мүмкін кедергілерді, «қазір бұл маңызды емес, сен тек әрекет етіп көр және не болатыны көр …», «кел қиялдайық, одан жаман болмайды, бұл сондай керемет – сенде көп уақыт болғанда, өзіңнің болашағың туралы қиялдау…» сөздермен жеңуге көмектесуі тиіс. Бұл жағдайда клиентте нәтижеге жетуге себептің артуымен бір мезгілде, жауапкершіліктің, жасқаншақтықтың старттық шамасы төмендейді. Осылайша, өмір желісін өту барысында шынайы оқиғаларды тізумен және аталған сценарийді жүзеге асыруға себептің артуымен дұрыс сценарий қалыптасады. Жаттығу келесімен аяқталады, клиентке бұл сценарийді жүзеге асыруға кедергі жасайтын, кедергілер туралы ойлау ұсынылады. Мысалы, ПБЗ-ны қолдану, компьютерлік ойындармен шектен тыс әуестену және т.б., шынайы өмірден барған сайын алыстау, құрдастарымен араласуда қиындықтар, өз- өзіне сенбеу, өзін бағаламау және т.б.. Клиент бұл кедергілерді өзі құрастыруы керек, ал терапевт – клиент арқылы, осында және қазір, осы мүмкін кедергілерге қатысты, нақты – тәуекелге бару мінез- құлқына қатысты қабылдануы мүмкін шешімдердің маңыздылығын көрсетуі тиіс. Әдетте, аталған тақырыпты талқылау кезінде клиентте химиялық немесе психологиялық тәуелділіктің мүмкін салдарлары туралы қосымша сұрақтар пайда болады. Немесе терапевт бұл мәселелерді ойын қызықты түрде талқылауға ығыр қылмай ұсыныс жасауы мүмкін. Бұл жағдайда клиентпен екі қосымша техникалар ойналады: «Жоғалту баспалдағы» деструктивті әлеуметтік құмарлыққа тартылудың барлық мүмкін

салдарларын көрсету, сондай- ақ «Екі магазин», иллюстрациялау арқылы ақиқат фактіні, шын мәнінде тәуекелді мінез- құлық үшін қаншалықты алысқа кеткен болса, соншалықты көп төлеу керек екенін және тек ақшамен ғана емес екнін көрсету. Сонымен бірге – шынайы өмірлік құндылықтарды сатып алуға болатын «басқа магазинде», мұндай сатып алулардың құны, әсіресе басында, жоғары болып көрінуі мүмкін (іс жүзінде араласу, оқу, құрдастарымен өзара әрекеттестік, спорт және т.б. үшін қажетті уақыт мағынасында). Бірақ ары қарай бұл жұмсалған уақыт клиентке көп нәрсені – табыс, маңызды өмірлік жоспарларды жүзеге асыру, өмірде аңсаған орынға жетуді алып келеді. Яғни бірінші «магазинде» клиентке зиян таза емес «сауда» жүргізіледі, ал екіншісінде – таза, клиент пайдасына.

Төртінші кезеңде клиентке тәуелділік мінез-құлықтан бас тартқанқан немесе керісінше қалыптасып келе жатқан тәуелділікті еркімен жіберген кездегі оның шешімі алып келуі мүмкін салдарларды сезінуге, әзірлік жасауға ұсыныс жасалады. Осы мақсатта «Жол торабындағы батыр» техникасы жүргізіледі. Клиентке екі мүмкін маршрутты белгілеу ұсынылады – тәуелділік мінез-құлықтан бас тарту сценариі, сондай- ақ – қалыптасып келе жатқан әуестікті еркімен жіберу сценариі. Мүмкіндігінше (егер клиент оң қолды-оңқай болған жағдайда), бірінші сценарийдің желісі оңға, бөлменің ашық бөлігіне бағытталуы тиіс, ал екінші желі – солға – бөлменің қараңғы бөлігіне. Терапевт аталған құрылымды ауызша емес еске түсірулер арқылы ынталандырады. Ары қарай орындықтардың көмегімен сәйкес сценарийлердің уақытша кезеңдері орналастырылады – 0,5 жыл, 1 жыл, 3 жыл, 5 жыл. Клиентке «Жол торабындағы батыр» ертегі сюжеті түсіндіріледі, тасты белгілейді (орындық), онда келесі жазу бар «солға барсаң – табасың…, оңға барсаң – табасың…». Бұл жағдайда солға жорық (ертегілерде және өмірде көп жағдайда осындай болады) күрделі ыңғайсыздықтарға алып келеді және көп жағдайда ертедегі батырлар осы бағытта өліп қалады деген сценарий жасырын пайдаланылады. Бірақ бұл жағдайда клиентке ешнәрсе қауіп төндірмейді, – бұл саяхатта ол осы уақыт сценарилерінен өту кезінде өзінің жеке физикалық, эмоционалды күйінің айырмашылығын анық сезіне алады. Ары қарай клиентке, өзіне ыңғайлы, сол кезектілікпен және сол қарқынмен, бұрын белгіленген- 0,5 жыл, 1 жыл, 3 жыл, 5 жыл уақыт кезеңдерінде қала отырып, таңдап алған бағытында қозғалуға ұсыныс жасайды. Бұл жағдайда клиентке егер ол қаласа, орындыққа отыруға - көзін жұмып, өзінің түйсінімдерін дауыстап айтып, талдауға ұсыныс жасалады. Мұндай әр аялдамадан кейін, клиент соңғы нүктеге – 5 жылға жеткенше саяхат жалғасады. Содан соң бастапқы нүктеге келу керек және саяхатты басқа бағытта жалғастыру керек. Әдетте белгіленген уақыт кезеңдері бойынша тіркелген күй айырмашылығы соңғы нүктеге жылжыған сайын артады, онда ол жоғарғы шегіне жетеді. Егер стратегиялық полимодальды психотерапия технологиясының алдыңғы кезеңдері дұрыс жүзеге асырылған жағдайда, тәуелділік мінез-құлықтан бас тартудың барынша ыңғайлы күйі сценарийдің соңғы нүктесінде белгіленеді. Бұл кез соңғы сценарийді бекіту және оның пайдасына шешім қабылдауға себепті арттыру

үшін пайдаланылады, бұны аталған техникалық блокты аяқтағанда, клиентке жасауға ұсыныс жасалады.

Бесінші кезеңде клиентке үшінші кезеңде құрастырылған «өмір желісіне» - оның кәсіби мансап, жеке өмір және басқаға қатысты барлық жоспарлары орындалған шың нүктесіне оралуға ұсыныс жасалады. Бұл жерде өмір желісін бойлай тағы бір рет өту және болашаққа жоспарланған, басты оқиғалар туралы айту артық болмайды. Сонымен бірге мұнда жеңу керек кедергілер де көрсетіледі (бұл учаскелерді орындықтармен белгілеуге болады). Бұл «пунктерді» орналастыру кезінде терапевт клиенттен бұл мәселелерді қалай дұрыс шешуге болар еді деп сұрайды, яғни мәселені болашақта шешуге сілтей отырып (бұл жағдайда жауапкершілік жүгі және шама шиеленісі алып тасталынады). Жолай алдыңғы кезеңде қабылданған, тәуелділік мінез-құлыққа қатысты шешімнің тұрақтылығы анықталынады. Шың нүктесіне және айтарлықтай табыстарға жеткен, адамға тән, ресурстық түйсінімдерді маңыздандыруге жеткен кезде, клиентке өткен жолды қарап шығуға және сәйкес кезеңдермен белгіленген, барлық сол мәселелерді қалай шешкенін есіне түсіруге ұсыныс жасалады (сол арқылы белгіленген мәселелердің шешімін өткенге жібере отырып). Ресурстық күйде бола отырып, клиент әдетте бұрын күрделі болып көрінген мәселелерді шешудің нұсқаларын оңай айта алады, «ал қазір бұның бәрі жоқ сияқты». Мұндай айту, бар қиындықтарды жеңу сценариі толық меңгерілгенін және соңғылар «қиындықтар» дәрежесінен, кейінге қалдырмай шешуге болатын, «әдеттегі өмірлік мән- жайлар» дәрежесіне өткенін көрсетеді.

Алтыншы кезеңде клиентке қазіргі және болашақ өмірдің бұл жаңарған алаңында (бұл жағдайда психотерапия сеансы өтіп жатқан, жұмыс бөлменің немесе тренингтік залдың барлық ауданы пайдалануы мүмкін) қазіргі кезде оған араласу керек болатын және болашақта қарым- қатынас жасауға тура келетін, барлық мәнді агенттерді тізіп шығуға ұсыныс жасайды – мен өзім, туыстарым, достар, бірге оқушылар, қызметтестер, басқалар, жалпы бүкіл әлем. Ары қарай «Ресурстық алаң» техникасы жүзеге асырылады. Оның мәні, клиентке көрнекі түрде көрсетеді, ал сосын ол өзі коммуникация және аталған агенттердің әр қайсысымен қарым-қатынас орнату нұсқаларын орындайды. Бұл жағдайда басты сабақ келесі болып табылады, адам, бүкіл әлем сияқты, жаман да жақсы да емес, – ол саған сен өзің өз агрессивті, конфронтациялық немесе керісінше, қалыпты және жайлы қатынас орнатуға бағытталған, тілектес әрекеттеріңмен және сигналдарыңмен маңыздандыратын жағымен бұрылады. Барлық басты кейіпкерлермен айнала қарым-қатынас жасау барысында клиент коммуникацияның жаңа тәсілдерін үйренеді және бірден кері байланыс - қатыстырылған қатысушылардан дұрыс куат алады. Аталған техникалық блокты аяқтар кезде терапевт клиенттің назарын, клиенттің қазіргі және болашақ өмірі бір үлкен ресурстық алаң екеніне, онда үлкен үйде сияқты жақсы және жайлы сезінуге болатынына аударады. Бұл жағдайда басты құпияны- әлем мен оны мекендеушілерді жарқын жағымен ашуға болатындай етуге болатыны туралы есте ұстау маңызды.

Жетінші кезеңде клиентке онымен болған өзгерістерді бағалау және өмір бойынша қозғалыстың бұрынғы тәсілі мен терапиялық сессия (немесе 2-3 сессия) барысында алған білімдері мен біліктіліктері арасында конфрантацияны тағы бір рет басынан өткізуі үшін, қазіргі кезең нүктесіне оралу ұсынылады. Осы мақсатта «Ресурстық бұрылыс» техникасы пайдаланылады. Оның бірінше бөлімінде клиентке, бұрын оны ішімдік немесе есірткінің әсері қызықтырған немесе компьютер экраны жарқырап, оны сол жаққа тартқан, орынға қарайлап, өмір желісі бойынша «тайсақтамау» ұсынылады. Бұл жағдайда клиенттің артқы жағына, ол үнемі сүрініп кететін, орындықтар тізіліп қойылады (психотерапевт клиенттің жарақат алып қалмауын қадағалайды). Тәуекел еткісі және жарақат алғысы келмейтін клиентте жайсыздық сезімі және керек болса агрессиясы үнемі күшейеді. Клиенттің жағымсыз күйініші шегіне жеткен кезде драмалық бейнемен бетін болашаққа бұрады (көрініс ашық терезе болғаны дұрыс), және терапевтің және үдеріске қатысушы басқа қатысушылардың дұрыс көмегімен клиент енді өмір желісімен бұрын неге осылай болмаған деп түсінбей, жеңіл және ыңғайлы қозғалады. Бұл жағдайда терапевт өткен, қозғалыстың қауіпті тәсілін жоққа шығаруды және конфронтацияны күшейтеді, оны тәуелді мінез- құлықпен үнемі салыстырып отырады. Нығайту формулалары келесідей: «Бірақ енді бұл өткенде … кедергі келтіргеннің бәрі, кетті және із- түссіз жоқ болып кетті … ары қарай қалай қозғалу керек екені, енді анық және түсінікті». Аталған техниканың аяғында клиентке тыныш режимде осы жолда, жақын арадағы айларға, барлық қажетті іс- шараларды жазып қою ұсынылады. Сондай- ақ оны өмірде керекті бағытқа жылжытатын, әр күннің ішінде ол маңызды істерді жасайтын, уақытты анықтауға.

Алғашқы-профилактикалық аддиктологиялық көмек кезеңінде стратегиялық полимодальды психотерапияның қанағаттанарлық нәтижесі, деструктивті әлеуметтік індеттерге тартылуға психологиялық қасиеттерді объективті бекіту дамуымен қатар жүретін, мінез-құлықтың қауіпті формаларынан табанды бас тарту болады.

Айта кету керек, жалпы нәтиже мағынасында барынша ұтымды нұсқа стратегиялық полимодальды психотерапияның ата-ана- бала қарым-қатынастары тренингімен (егер әңгіме бала және еткіншек туралы болса) немесе отбасы психотерапиясымен үйлесуі болып табылады.

### 3. Алғашқы наркологиялық көмек кезеңінде стратегиялық полимодальды психотерапияның құрылымдалған техникалары

Алғашқы наркологиялық көмек кезеңінің басты міндеттері ПБЗ- ны қолданумен байланысты, зиянды азайту, сондай- ақ тәуелді тұлғаларды толыққанды емханалық және стационарлық ем қабылдауға итермелеу болып табылады.

Негізгі психотерапиялық нысана ретінде, осылайша, теріс пайдаланатын немесе тәуелді тұлғалардың уәждемелік саласы болады. Қосымша нысаналар ретінде – дефицитарлық немесе формасы өзгерген әлеуметтендіру, формасы өзгерген әлеуметтік статус. Осыған сәйкес, мұнда басты қиындықты салалар

патологиялық тәуелділікке тарту фактісін ұғынудың жоқтығы, кәсіби көмек алуға уәждеменің жоқтығы немесе тұрақсыздығы, тәуелділіктен азат болудың шынайы сценарийлерінің жетімсіздігі, «кездейсоқ» айығу нұсқаларын іздеу болып табылады. Сонымен қатар, әдетте отбасындағы және жақын әлеуметтік қоршаған ортадағы даулар байқалады.

Аталған кезеңде психотерапиялық жұмыстың басты қиындықтары «үстірт» (яғни әлеуметтік статуста, физикалық денсаулықта айтарлықтай жоғалту белгілерінсіз) сатысында тұрған, ішімдік пен есірткі қабылдауды бақылай алатынына және әдеттегі психологиялық белсенді заттар тек үйреншікті өмірдегі қиыншылықтарды жеңуге көмектесетініне сенімді тұлғалар контингентімен байланысты. Мұндай тұлғалар маманға тек туыстары мен жақындарының қысымымен, негізінен, үздіксіз «прессингпен» байланысты, ауыр жайсыздықтан құтылу үшін барады. Яғни, екі бәленің аздауы таңдап алынады – маманмен формальді сөйлесу .

Барлық айтылғандармен байланысты осы және басқа, қиындығы аздау және оппозициялық көңіл- күйдегі клиенттермен СПП технологиясында психотерапиялық жұмыс бірнеше кезеңде құрылады, олардың әрқайсысы кәсіби көмек алуға тұрақты уәждемені қалыптастыру бойынша қадам болып табылады. Жолай мұндай көмекті жасауға барабар сценарийлер де жасалады.

*Бірінші кезеңде* басты міндет клиенттің бастапқы акцентелген-конфронтациялық метапозициясын ынтымақтастыққа (зерделіден тыс сатылардың синергетикалық бейімделу стратегиясын маңыздандырумен байланысты) қайта жасау болып табылады. Осы мақсатта бірінші кезекте, клиент ПБЗ - ны шектен тыс қолдану фактілеріне қатысты маманның «прокурорлық» көзқарасын стереотипті күтумен – конфрантациялық шаблондармен шамадан тыс жүктелген, мән- жайға негізделген, шаблонды үзу технологиясы пайдаланылады; конструктивті емес қорғаныстармен – бұл мәселеде орын алатын, өз агрессивті («адвокаттық») көзқарасымен; ПБЗ- ға тәуелділік немесе шектен тыс қолдану мәселелерін ашық немесе жасырын стигматизациялау, ол көп жағдайда түсінбестен, наркологиялық бағдар маманына беріледі –психотерапевтпен бірінші байланыста мүлдем қарама-қарсыны көреді, естиді және сезінеді. Клиентті қажетті, конструкциялық жаққа бұратын, неғұрлым мәнді факторлар, клиенттің көзқарасына және айтқандарына құрметті көрсететін, ауызша емес сигналдар; оның жеке басына байыпты, шетін қызығушылық; сол тұрғыдағы қандай да бір бағалау пікір немесе ауызша емес сигналдар толықтай жоқ болған жағдайда оның сөйлеуінің кейбір тезистеріне ерекше көңіл бөлінген қызығушылық; болып жатқандардың қауіпсіздігін және толық құпиялылығын үнемі нығайту. ПБЗ-ны шектен тыс қолдануды мысалы, артық жеу немесе компьютерлік ойындармен әуестену (яғни мінез-құлықтың айтарлықтай аздау стигматизацияланған формасы ретінде) сияқты, қабылдауға қатысты қысқа бейтарап репликалардың болуы мүмкін.

Мұндай бірінші байланыстың табыстылығын дәлелдейтін, позитивті сигналдар, ширығудан босау, эмоционалды фонның өзгеруі – жасырын немесе

ашық арессиядан біршама тыныштыққа және болып жатқандарға қызығуға, сондай – ақ байланысты жалғастыруға ашық емес көрсетілген ниет болады.

Конфрантациялық метапозицияны психотерапевтпен ынтымақтасу және сенім білдіру қарым - қатынасын орнатуға өзгертудің барынша мәнді белгісі клиенттің ол өзі «ішінен» әңгіменің басында айтылғандай, оған ішімдік немесе есірткі қабылдауды бақылай алмайтын, мән- жайларға мазасызданатыны туралы фактіні спонтандық мойындауы болып табылады, және мазасыздық жағдайға дәлел болатын «алғашқы қоңыраулар» «соғылып қойылды». Мұндай мойындауды көмекке шақыру ретінде бағалауға болады.

Сәйкес сигналдар пайда болғаннан кейін (бірақ ерте емес) терапияның келесі кезеңіне өтуге болады.

*Екінші кезеңде* клиент барлық айқындылықпен кездесіп тұратын, шынайы қиындықты жағдайды – туыстары мен жақындары тарапынан тыйылмайтын қысымды – сыртқы және ішкі қысым (бұл кезеңді байланыстың алдыңғы сатысында клиенттің сәйкес сенім білдірген мойындау сөзі бар кезде айту керек) айтарлықтай азайып, оның орнына шынайы үміттендіретін келешектер пайда болатын, өзіне барынша жайлы жағдайға қайта қалыптастыру болып табылады. Яғни, клиент қабылдауға келген басты тезис: «Екі бәледен – аздауы» басқа тезиске: «Екі игіліктен – көптеуі» өзгертілуі тиіс. Бұл жағдайда аталған бағытта клиентті жылжытудың басты жағымсыз және оң ынталандыруы ретінде маңызды тұлғалар тарапынан «прессингтің» абсолюттік шынайы фактілерін және клиент пен терапевт арасында жаңа ғана пайда болған сенім білдіру қарым- қатынасын пайдалану керек.

Клиент бұл кезеңде пластикалық күйде болуы тиіс екендігін пайдаланып, диссоциацияның ресурстық техникасы және клиентті қиындықтар шеңберінен шығару жүргізіледі: осыған дейін клиенттің жақындарымен қарым-қатынастарына ерекше көңіл бөлген, терапевт, өткен тәжірибенің клиенттен сол төменгі жақ шетінде қағаздың парағын (онда ары қарай қарым- қатынастың проблемалық сызбасы сызылады) сала отырып, осы мәселеге оралуға ұсыныс жасайды. Сызбаны сызу және сәйкес түсініктеме кезінде барлық етістіктер өткен шақта қолданылады. Клиенттің назары туыстары мен жақындарының көзқарастарына ерекше аударылады, яғни шектен тыс қолдану мен тәуелділік мәселесі терапевт арқылы өзінің атынан емес, олардың аттарынан түсіндіріледі.

Талқылау барысында терапевт, ауызша емес сигналдарды пайдалану есебінен, оны өткенге жөнелте отырып, бір жағынан клиенттің доссоциациясын проблемалық жағдаймен барынша тереңдетеді. Ал басқа жағынан клиентті – қазіргі кездегі және болашаққа айналушы өзіне ресурстыққа біріктіреді. Осылайша клиенттің креативті – пластикалық ресурстарын маңыздандыруға қол жеткізіледі.

Ары қарай кезектілікпен СПП-ның үш техникалық блогы жүзеге асырылады: Дж. Каутель бойынша белсенді қиялды маңыздандырумен жүргізілетін, «Жоғалту баспалдағы», «алынған зат баспалдағы», «Жол торабындағы батыр», нақты жағдайда барынша орынды нұсқаларда. Бұл жағдайда ПБЗ-ны қолдануды жалғастыру кезінде болмай қалмайтын, «Жоғалту баспалдағын», өз туыстары мен жақындары атынан клиенттің өзі айтқаны

дұрыс – бұл психотерапевтің сұрақтарына оның жауабы болады: «Сіз қалай ойлайсыз, неге туыстарыңыз бен жақындарыңыз Сіз үшін мазасызданады?», «Бақылаусыз ішімдік пен есірткіні қолдануды жалғастырғандарды бақылай отырып, олар нақты ненің куәлары болды?» және басқа сұрақтар. Бұл жағдайда қауіпсіздіктің диссоциацияланған полюсіндегі клиентке, болмай қалмайтын моралдық, әлеуметтік, физиологиялық, материалды шығындардың, өмірді жоғалтуды қосқанда, барлық сатыларын айту және жүйелеу барынша жеңіл. Мұндағы айтарлықтай айырмашылық келесі болып табылады, бұрын барлық осы уәждемелерді клиент конфрантациялық, қорғаныс метапозициясында бола отырып қабылдады (қабылдамады деу дұрыс болады ), яғни ақпарат жақсы жағдайда еленбейді, ал жаман жағдайда- ашуын келтіреді, агрессия мен кері қызба реакция тудырады. Терапиялық жағдайда клиент, әдетте ешқандай қарсылықсыз, жоғалту баспалдағын сызып тастайды және ол бойынша Дж. Каутел бойынша белсенді қиялдау техникасында саяхаттайды. Осылайша, келесі техникалық блокта - «Жол торабындағы батырда» - өткенге ашық емес жөнелтуші, клиенттің қозғалысының бір бағыты қалыптасады.

Қажетті іркілістен кейін психотерапевт ерекше көңіл аударылған ишарамен сызылған сызбаны таза жаққа (бәрін басынан бастауға ұсыныс символы) аударады, өткеннің алаңын жаба отырып, клиенттен сол жақ бұрышқа орналастырылады. Клиентті болашақ алаңына бұра отырып (бағытталған иашара, көзқарас және т.б. тәсілдерді пайдалана отырып), терапевт «қойлар» (яғни оның денсаулығы мен өмірі үшін қауіптенетін жақындары мен ол үшін маңызды адамдар) – тоқ, ал «қасқыр» (яғни оның өзі, олардың қамқорлығынан агрессивті түрде бас тартушы) жоқ дегенде аман, ал көп дегенде, өзі үшін пайдалы, дағдарысты жағдайларды меңгере алатын жаңа дағдыларға ие болатын жағдайды айтуға ұсыныс жасайды. Сәйкес позитивті бекітулер кезінде (ишара, дауыс, белгілі бір эмоционалды реакциялармен жұмыс) қажетті баламалар әдетте табылады. Ал белсенді қиялдау техникасындағы тұрушы, «алынған зат баспалдағы» жеткілікті түрде тез қалыптасады.

Келесі іркілістен кейін (оның барысында психотерапевт алақандарында бір немесе келесі сценарийді өлшеп отырған сияқты, «тірі таразыға» айнала алады: мұнда позитивті сигнал клиентті осы әрекетке қосу болады) клиентке таға да бір рет, енді жол айрығында тұрған, адам көзқарасымен, әр бағыттың артықшылықтары мен шығындарын бағалауға ұсыныс жасалады. Бұл жағдайда да, алдыңғы кезеңдердегідей психотерапевт тарапынан шешім қабылдау үдерісін тездетуге қысым немесе талпыныс болмауы керек. Керісінше, клиент тарапынан қандай да бір шегіну пайда болған жағдайда, терапевт, бұл біріншіден, тек мүмкін альтернативалардың бағалауы ғана екенін растауы тиіс. Шешім, клиент оған дайын болған уақытта қабылдануы мүмкін. Келешек – бірі және екіншісі – анықталды, осы да жеткілікті. Онда қажеттілік пайда болған кезде – бұл мәселеге оралуға болады (осылайша клиенттің қауіпсіздігі тағы да дәлелденеді және терапиялық жұмысты жалғастыруға қажеттілікті маңыздандыру сценариі қаланады). Көп жағдайда бұл, бірінші кездесуде қол жеткізуге болатын жалғыз нәрсе.

Егер сессия полимодальдық мотивациялық психотерапияның екінші кезеңімен аяқталатын болса, онда келесі кездесудің мүмкіндігі 60% шегінде өзгеретін болады. Оны жалпы, оң нәтиже деп бағалауға болады. Егер клиент енді жаңа жолмен жүретіні туралы нақты немесе жайлап ниет білдірген жағдайда, терапиялық сессияның келесі кезеңіне өтуге болады.

*Үшінші кезеңде* СПП-ның басты пайдаланатын технологиясы, тәуелділіктен азат болудың барабар сценарийін бір мезгілде құрумен уәждемелік ақпаратттандыру болып табылады. Аталған технологияның өзекті желісі – үміттендіруші шындық, оны клиентке осы кезге дейін онда бар конструктивті уәждемені жоғалтатындай емес, күшейтетіндей етіп жеткізу керек. Шындық келесідей, шешім мен тәуелділіктен шынайы азат болудың арасындағы арақашықтық айтарлықтай ұзақ болуы және клиенттен көп күш салуды талап етуі мүмкін. Сонымен қатар бұл арақашықтық әр қайсысының анық және түсінікті мақсаттары бар нақты қадамдардан тұрады. Және клиенттің күші әр өтілген учаскеден кейін тек қана артуы мүмкін. Бірақ, сонымен қатар, есте ұстау керек, бұл олдағы басты кедергілер – бұл, бірінші кезекте: қоғамдық остракизмнен қорқыныш («менің ішкіш немесе нашақор екенімді біліп қояды, сосын мен бас көтере алмай қаламын»), наркологиялық мекемеге есепке қоюдан қорқыныш («одан енді тазалану мүмкін емес»), құқықтарында жеңілуден қорқыныш («жұмысқа қабылдамайды немесе қуып жібереді, жүргізуші немесе ата- ана құқығынан айырады» және т.б.); бағдарлы көмек көрсету шарттарының жарамсыздығы, тар ассортимент және қызмет көрсету сапасының төмендігі. ПБЗ-ны қолдануда үлкен тәжірибесі бар және өткенде емделудің табыссыз талпынысы бар тұлғаларда тағы бір кедергі «жеңілуші сценарийлердің» («бәрі пайдасыз- мен байқап көрдім, мен білемін») шамадан тыс болуы болып табылады.

Айтылғандардың барлығын ескере отырып клиентке біріншіден, ойша (сыннан өткізілген белсенді қиял технологиясын пайдаланумен) ол өзін толықтай сау және тәуелділіктен азат етілген күйде сезінетін, шекке ауысуға ұсыныс жасалады. Бұл шекте, психотерапевтің ығыр қылмайтын, еске түсіру-сұрақтары арқылы, шынында да өзі мінез- құлқын бақылауға және кедергісіз ең басты өмірлік мақсаттарға жетуге мүмкіндік алатын, күйдің нақты сипаттамалары тізіледі. Ары қарай клиенттен қазіргі уақыт нүктесінен осы белгіленген шекке дейін өлшеу және оны шартты түрде терапиялық сессия өтіп жатқан, бөлменің кеңістігінде белгілеу сұралады. Осылайша салынған арақашықтық бойынша жүру, клиентке маңызды болатын, нақты қадамдарды бірге талқылау есебінен жүзеге асырылады. Терапевт бұл жағдайда клиенттің назарын қозғалыстың басында белгіленген кезеңдеріне сәйкес жағдай өзгеретініне – клиенттің алдына көлденең немесе бір-біріне үйілген желіге тізілген проблемалардың жалпы майданының орнына, енді әр кез ол өз күшіне сенімділігін арттыра отырып, тек нақты және «көтеретін» міндетті шешетініне аударады.

Аталған жолдың түрлі кезеңдерінде клиентке берілетін, кәсіби көмектің қауіпсіздігін, қол жетімділігін және жоғары сапасын қамтамасыз ету мәселелерін арнайы талқылау керек. Басқалардың қатарында отбасы жағдайын

жақсарту мүмкіндігін талқылаған жөн, мысалы, мамандандырылған отбасылық психотерапияны жүргізу есебінен, сондай- ақ әлеуметтік мәселелерді кезең бойынша шешу арқылы. Аталған талқылаудың аяғында клиентке тағы да ізделіп отырған ақырғы нәтижеге дейін өлшеу және оны алғашқы нұсқамен салыстыру ұсынылады. Әдетте бұл жаңа арақашықтық айтарлықтай қысқа болып шығады. Психотерапевт клиенттің назарын аталған есте қаларлық фактіге аударады және оны түсіндіріп беруге ұсыныс жасайды. Мұндай түсіндіріп берудің қорытынды нұсқасы келесідей, шындығында клиентпен не болып жатқанын анықтаумен, ішімдік, есірткі қолдану саласында проблемаларды және басқа да маңызды проблемаларды шешу бойынша ойластырылған, түсінікті жоспарланған қадамдардың пайда болуымен, әсіресе осы арақашықтық бойынша қозғалыстың басталуымен – уақыт оған қарсы емес, енді клиентке жұмыс істейді, ізделінген нәтиже жақындайды, алшақтамайды.

Үшінші кезеңді және терапиялық сессияны бүтіндей бекіту бойынша позитивті сигнал терапиялық бағдарламаларға қатысудың нақты нұсқаларын талқылау бойынша клиенттің өтініші болып табылады.

Жақсы нәтиже деп келесі кездесу болуының 70% көрсеткішіне жету есептелінеді.

Ескере кететін жәйт, СПП- ның барлық кезеңдерінен өту үшін бір емес, бірнеше терапиялық сессия қажет болуы мүмкін.

Алғашқы наркологиялық көмек кезеңінде жүргізілетін, СПП тиімділігінің аралық индикаторын өлшеудің басқа тәсілі, URICA арнайы сауалнамасы көмегімен Д. Прохазки және К. ДиКлементе үлгісі бойынша мінез- құлықтың өзгеру сатысының динамикасын анықтау болып табылады.

**4. Медициналық- әлеуметтік сауықтандыру бағдарламасына «кіру» фазасында пайдаланылатын, стратегиялық полимодальды психотерапияның құрылымдалған техникалары**

Емханалық және стационарлық сауықтандыру кезеңінде, ПБЗ- ға тұрақты және ауық- ауық әуестік сияқты, айтарлықтай жиі кезедесетін тілектермен жұмыста келесілер пайдаланылады:

1) Келесілерді қарастыратын, мінез- құлық компонентіне ерекше назар аударумен техникалар: патологиялық әуестікті (орталық, перифериялық, арнайы, ассоциацияланған және т.б.) асқындырып жіберетін немесе маңыздандыратын, триггерлерді сәйкестендіру; патологиялық әуестікті жіберудің сәйкестендіру механизмін тиімді жауып тастайтын, топтық терапевт үлгісінде әрекет ететін – копингтік жұп деп аталатын, терапиялық үдерістің барлық қатысушыларын әрекеттік қолдау және креативті батыл әрекет режимінде – іздеу мен табу. Бұл копингтік пікірлер, әрекеттер, эмоциялар, назарын аудару тәсілдері және белсенділіктің басқа формалары, олар мәлімделген дағдарысты жағдайда сөзсіз көмектеседі. Жауып тастау белсенділігінің табылған формалары белсенді қиял технологиясында, сосын дайындықтарда әрекеттермен тексеруден өтеді. Соңғы психодрама немесе рөлдік ойындар фрагменті сипатында болуы мүмкін, ол кезде қатысушылар

арасында символдық қызмет- рөлдер бөлінеді: триггер, белсенді копингтер, командир. Бастамашыл пациенттің барлық қызметтік рөлдерде болып шығуы маңызды, бірақ бастысы –командир рөлінде, ол сөзсіз басты фигура және кез-келген қауіпті бейтараптандыра алады. Бұл статуста бастамашыл пациент құрылған сессияны аяқтайды. Мұнда басты терапиялық бастама түсінікті – өзектенуші патологиялық әуестік жауып тастайтын жұпсыз қалуы мүмкін емес – бұл қатаң копинг ынталандырылады, бекітіледі және барлық мүмкін құралдармен нығайтылады;

2) нейрофизиологиялық компонентке ерекше назар аударумен техникалар- бұл «жедел жәрдем» тәсілі, бұл кезде келесі нақты алгоритм – биологиялық белсенді нүкте Хэ-гуге (екі жақтан, 4-5 минут) өз-өзіне массажды жүзеге асыру есебінен маңызды болып кеткен әуестіктің көтеріліп келе жатқан толқынын өте тез әрі тиімді басып тастау керек; бірмезгілде терең диафрагмалық –«іш арқылы» деп аталатын– тыныс алу (15-20 терең дем алу мен дем шығару); беттің терең массажы – 3-4 минут ыстық ылғал сүлгімен. Бастамашыл пациентке және барлық топқа патологиялық әуестікті (шынында да орын алатын) аса тез басудың нейрофизиологиялық механизмдерін түсіндіреді, оған қоса бір мезгілде аударып әкету кезеңі және күйзелісті күйді тиімді «алып тастайтын» және өз әсерін бірнеше сағатқа жалғастыратын, эндогендік нейрогормондардың шұғыл шығарылуын қамтамасыз ететін, нейрофизиологиялық механизм әрекет етеді. Әдетте бұл уақыт салыстырмалы жайлы күйде күйзеліс толқынына шыдауға жетеді. Техника өзінде әуестік белгілері байқалатын немесе қандайда бір мазасыздықты – мысалы бас ауруы және т.б. сезінетін, топтың қатысушысында көрсетіледі. Дұрыс жүргізілген техникалық әрекет кезінде, дайындалған және құрылған тұтасу сценариінде, маңызданған әуестік белгілері, ауру немесе басқа да кез- келген жағымсыз түйсінулер қысқартылады, ал пациент тыныш және сәл ұйқылы күйде болады. Техникалық әрекет болашақ сценарийі қалыптасуымен аяқталады, ол келесідей құрылады, «жедел көмектің» игерілген құралы келесідей әрекет етеді, белсенді қолданусыз да патологиялық әуестіктің түрткілері жабылатын болады. Ол клиникалық факт болып табылады – патологиялық импульстер осындай техниканы жүргізген соң айтарлықтай аз байқалады;

3) «толу» әсеріне ерекше назар аударумен техникалар – патологиялық әуестік белгілері болған кездегі және олардың «толу» режимінде – яғни даудың шектен тыс мүмкін шиеленісуіндегі тиімді редукциясындағы пациенттің белсенді жеке тұлғалық көзқарасын маңыздандыру және бекіту мақсатында пайдаланылады. Бұл жағдайда бастамашыл пациенттің айналасында екі топ қалыптасады, бірі ПБЗ- ға әуестікті символмен көрсетеді, ал екінішісі – пациенттің тәуелділіктен азат болуға тырысуын. Топтар қарама- қарсы әрекет етуші жақтың жеткілікті жігерлі күштерімен қарама қарсы жаққа «сүйрелуші», пациентке не айту керек, керек болса айғайлау керектігі жөнінде нұсқаулар алады (бұл күресуші дәлелдерді сәйкестендірудің маңызды кезеңі). Пациент мұндай нұсқаулықтарды алмайды, осыған байланысты оның фрустрация деңгейі артады. Техниканы жүзеге асыру ұлғаюшы ажиотажбен және шулы әсерлермен қиын жағдайда жүзеге асырылады. Бастамашыл пациент бұл

жағдайда күрделі дене және психологиялық жайсыздықты басынан кешіреді. Ақырында қиындық шыңына жеткенде ол «егер ол өзін талап тастауын қаламаса» өзінің араласуы туралы нұсқау алады. Соңында пациенттің белсенді күш салуы әуестікке қарсы тұрушы жақтың, патологиялық әуестікті символдаушы, өз жағына тартушы, қатысушыларды ыдыратушы басқа топты «жеңуін» қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда пациент, физикалық және психологиялық жеңілдік сезімін басынан кешіре отырып, маңызды сабақ алады, өзінің белсенді ұстанымы және өзін «жарқын» жаққа «сүйреу» бойынша күш салуы, патологиялық әуестіктің көтеріліп келе жатқан толқынын басып тастауға және ыдыратуға қабілетті екенін түсінеді. Алайда бұл жағдайда ұстамдылық, тәуелділіктен азат болу бойынша өзекті және күшті дәлелдер түрінде «жақтастардың» болуы маңызды;

4) диссоциацияға және конфронтацияға сүйену арқылы техника – аталған жағдайда келесіге ерекше назар аударылады: жеке тұлға нормативті негізінен, яғни пациенттің өзінен, патологиялық әуестік диссоциация дағдысын қалыптастыру; патологиялық әуестік бейнесін сыртқы кеңістікте алғаш таныстыру (бұл рөлді топтың қатысушыларының бірі орындай алады); диалог режимінде даудың шиеленісуі, оның барысында пациентте жеңудің ұтымды стратегиясы қалыптасады. Алайда аталған жағдайда басты терапиялық фактор келесімен байланысты, дау іштейден сыртқы статусына өтеді – яғни пациент пен патологиялық әуестік арасында, оған тиімді қорғаныс әрекеттерін жүзеге асыруға көмектесуші және күзетуші бір арақашықтық түзіледі;

5) когнитивтік компонентке және ПАВ- қа патологиялық әуестіктің синдромын деструктивті түсіндіруді конструктивтіге қайта қалыптастыруға сүйенген техникалар - аталған жағдайда патологиялық әуестік асқынған жағдайда, адам организмінде не болатыны жөніндегі пациентпен анықтап алудың маңызы бар. Бұл жағдайда барынша көрнекі түрде әуестік синдромын маңыздандырудің нейрофизиологиялық механизмінің басты тезистері баяндалады , өз бетінше патологиялық әуестік синдромы – бұл ұзақ уақыт бойы психологиялық белсенді затпен алмастырылған және қалыпты режимде өндірілуі тоқтап қалған, белгілі бір нейрогормондардың тапшылығы. Бұл қалыпты режимді қалпына келтіру толқын түрінде жүреді. Табиғи нейрогормондар деңгейінің барынша төмендеуі кезеңінде ми оның «өндірісін» ынталандыру және организмнің нейроэндокриндік жүйесінің сәйкес құрылымдарын белсендендіру үшін күшейген сигналдар жібереді. Бұл сигнал әуестіктің асқынуы ретінде қабылданады, дегенмен шын мәнінде – бұл орталық нерв жүйесінің нормативті қызметін қалпына келтіруге күшті стимул. Бұл жағдайда не істеу керектігі– не болып жатқанын дұрыс түсіну және бұл сигналды тура адреске – нейрогуморальды жүйенің терең құрылымдарына «қайта бағыттау». Мұны белсенді қиялды пайдаланып жүргізген дұрыс (мұнда көзбен шолу қатарының белгілі бір кезектілігі жасалуы тиіс, ол сәйкес рөлдік әрекеттерге бекітілуі мүмкін). Нәтижесі пациенттің жайлы күйі үшін қажет, нейрогормондардың нормативті деңгейінің тез қалпына келуі болады.

Осылайша, деструктивті және пациент үшін қауіпті онда бар патологиялық әуестік белгілерін түсіндіру, айтарлықтай барынша қауіпсіз және

өз бетінше ұйымдастырылатын қызметтерді қалпына келтіруге бағытталған, конструктивтіге айналады;

6) арт-терапиялық катарсиске негізделген техникалар – аталған жағдайда басты терапиялық фактор, арт- терапиялық контексте ішімдік немесе есірткіге «әуестікпен» байланысты, кедергілердің барлық кешенін толыққанды қабылдау және елеу мүмкіндігімен байланысты. Әдетте бұл сурет бірақ та басқа формаларға да пайдаланылуы мүмкін- сәулет, тірі сәулет, әңгіме және т.б.. Мұндағы маңызды мән- жай, пациенттер арт- терапиялық сессия дұрыс ұйымдастырылған жағдайда, креативтік транс күйінде болады, яғни, т.е. максималды гиперпластика режимінде. Және шығармашылық – бұл шығарманың тақырыбымен шығарушының диссоциациясы және бұл тақырыпты қандай да өзгерту мүмкіндігі (аталған жағдайда –патологиялық әуестіктің фантомын). Осылайша, пациенттер, біріншіден, патологиялық әуестік кешенімен байланысты, жаралаушы күйзелістерден тиімді құтылады, ал екіншіден – бұл өзіне қажетті бағытқа кешенді өзгертеді;

